

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы

*Білім беру саласы: «Шығармашылық»*

*Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»*

*Тақырыбы: «Біз мектепке барамыз»*

Дайындаған: Мырзахметов Е.А.

Атырау 2022

**Бекітемін:** \_\_\_\_\_

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»

**Тақырыбы:** «Біз мектепке барамыз»

**Мақсаты:**Музыканы тыңдап,сипаттарын ажырата білу.Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену.Ойындарда эмоциясын ояту.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:**мектеп құралдары,оқушы құралдары

**Сөздік жұмыс:**Ұстаз,мектеп,балабақша

**Кіріспе бөлім:**Балаларды залда «Сарбаздар маршы» шығармасымен қарсы алады.Марш екпінімен,қатармен жүруге үйретеді.Шаттық шеңберін орындатып,балалар бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлайды:

Әсем байтақ даламыз,  
Сұлу көркем қаламыз.  
Туған жерде ер жеткен,  
Біз бақытты баламыз.  
Тәуелсіздік анамыз,  
Ұлы дала панамыз.  
Туған жерде ер жеткен,  
Біз бақытты баламыз.

«Дос болайық бәріміз» әнін айтады.

**Негізгі бөлім:**Ән үйрену: «Біз өнерлі баламыз» әнін айтып береді.Балаларға қайталап айтуды ұсынады.

Жетекші балаларға мектеп туралы түсіндіреді.Мектеп құралдарымен,оқушы құралдарымен таныстырады.Балалардың балабақша өткен кезеңдерін айтып,көптеген қабілеттерін арттырады.Музыканы сезініп орындауды үйретеді.

**Ойын:** «Шулы әуендер мен музыкалық әуендер»

Балалар экран және дыбыс арқылы әуендерді ажыратады.Қарапайым шулы әуендер естіген кезде аяқпен топылдатады.Музыкалық әуендер естіген кезде алақанмен шапалақтайды.Ойынға жақсы қатысып,эмоцияларына жақсы әсерін тигізеді.

**Музыкалық ырғақтық қимылдар:**Балалар қазақтық ұлттық «Қара жорға» биін билеп,бойларына күш жинап,керемет әсер алады.

**Қортынды бөлім:**Жетекші балалары белсенді қатысқаны үшін мақтайды.Мектепке дайындықтарын жоғары екенін айтып мадақтайды.Әндерді жақсы орындағандарын айтады.Балаларға мектепке барарда ақ жол тілеп,алғыс білдіреді.